84(5Қаз)
Е 49

ӘЛІПБИ

5-7 жас

# СПОРТ



АРУНА
БАСПАСЫ

# СПОРТ



301928

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ
БАЛАЛАР СЕКТОРЫ

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР
КІТАПХАНАСЫ"

АРУНА
БАСПАСЫ

# Aa



ак-ва-лан-гист



# Əə

мә-нер-леп сыр-ға-нау



# Бб

бас-кет-бол

# Вв



ве-ло-спорт

# Гг



гим-нас-ти-ка

# Ғғ



то-ғыз-құ-ма-лақ



# Дд

доп



# Ее
ес-кек



# Ёё
сёр-финг



# Жж

жү-зу



дзю-до

# Зз



Ии

гирь



Йй

скейт



Кк

ку-бок

# Ққ



қақ-па



дель-то-план

# Лл



# Мм

сла-лом




# Нн

ны-са-на

# Ққ

шаң-ғы-шы





# Оо

бокс



# Өө

тау-ға өр-ме-леу



# Пп

па-ра-шют спор-ты

# Рр



ра-кет-ка

# Сс



са-дақ-шы

# Тт



тен-нис



# Уу

у-шу

# Ұұ

ұ-пай






# Үү

қа-зақ-ша кү-рес



# Фф

фут-бол



# Хх

хок-кей

# Һһ



жи-һан-гер

# Цц



мо-то-спорт



# Чч

чем-пи-он

# Шш

шах-мат



"ЖАМБЫЛ О…
БАЛАЛАР МЕН ЖА…
КІТАПХАНАСЫ"
301928



# Щщ

фех-то-валь-щик

# Ъъ



билъ-ярд

# Ыы



ыс-қы-рық

# Іі



тө-ре-ші



Ьь

ме-даль



Ээ

ка-ра-тэ

# Юю

клюш-ка





# Яя

яхт-смен

# Жа-нылт-паш-тар

Доп теп,
Дәп теп.
Тек,
Дәл-деп кеп.



Бок-сер мық-ты шық-ты,
Ұр-ды быт—шыт,
Шық-ты шық-шыт.



# Жұм-бақ-тар

Зы-мы-рап тү-сіп тө-мен-ге,
Шы-ға ал-мас мен-сіз тө-бе-ге.





Та-бан-ға тақ-тым,
Жал-паң қақ-тым,
Зыр-лап бақ-тым.



Те-уіп—те-уіп ке-ле-мін,
А-лыс-қа ұ-зай бе-ре-мін.

*Жауаптары: шана, коньки, велосипед.*



Тәй-ке тұ-рар,
Ом-па тұ-рар.
Шік тү-сіп құ-лар,
Бүк тү-сіп құ-лар...



Он е-кі ақ,
Он е-кі қа-ра,
Қа-ра-ма—қар-сы тұ-рыс-ты.
Бас-тап кет-ті ұ-рыс-ты.
Әр-қай-сы-сы о-лар-дың
Би бо-лу-ға ты-рыс-ты.



А-ша-тын,
Жа-ба-тын
Е-сі-гі бол-май-тын.
Кіл-тін са-ла-тын
Құл-пы-сын қой-май-тын.
Бү-кіл ел кө-зін-ше
Бір қақ-па бар қор-ғай-тын.

***Жауаптары:*** *асық, дойбы, футбол қақпасы.*



**А-дам-дар бар ұш-са,**
**Қа-лық-тар көк-те құс-ша.**



**Қар-сы шап-қан бұ-қа-ны**
**Кім-дер түй-реп ұс-та-ды?**

***Жауаптары:*** *дельтопланшы, тореодор.*

**Сен-ген е-кеу кү-ші-не,**
**И-те-рі-сіп жа-та-ды**
**Кі-ріп**
**шең-бер і-ші-не.**



**Ат-пен қу-ып жет-кен,**
**Қаш-қан қыз-ды өп-кен.**



***Жауаптары:** сумошы, қыз қуу.*



Қо-лын-да-ғы
сем-сер-мен
Қар-сы-ла-сын
ең-сер-ген.

Са-йы-са-тын кім-дер, айт,
Спорт-тың үш тү-рі-нен:
Жү-гі-ру-ден,
Жү-зу-ден,
Ве-ло-си-пед
те-уіп жү-ру-ден.



*Жауаптары:* *фехтовальщик, триотлоншы.*

**Жүз метр-ге жү-гір-ген**
**Жел-а-яқ-ты кім біл-ген?**





**Ү-зын сы-рық қо-лын-да,**
**Се-кі-рер би-ік жо-лын-да.**

***Жауаптары:*** *спринтер, сырықпен секіруші.*



Доп-ты а-лып қол-ға,
Дәл тү-сір-ген тор-ға.



Мұз ай-ды-нын-да
тай-ға-нақ
Жа-рыс-қан-дар
сыр-ға-нап.

*Жауаптары: баскетболшы, конькишілер.*



Күш-ті-лер бар
не-бір
Көте-ген
а-уыр те-мір.



Е-кі мық-ты «мен» дес-кен,
Бір—бі-рі-мен бел-дес-кен.

***Жауаптары:*** *штангашылар, палуандар.*



Қар-сы-лас е-кі топ
Су-да ой-нап жүр доп.



Қо-лы-мен бір доп-ты,
Он е-кі ой-ын-шы соқ-ты.

*Жауаптары:* *ватерпол, волейбол.*

**Қа-йық-та жал-ғыз ес-кек,**
**О-ны-мен қа-лай ес-пек?**





**А-яқ-қа та-ғып шаң-ғы-сын,**
**Ас-пан-ға ұ-шып қар-ғы-сын.**

***Жауаптары:*** *байдаркашы, слаломшы.*



Бо-йы-нан да би-ік-ке
Се-кі-ріп жүр қи-нал-май.
А-дам ба бұл, ки-ік пе?



Бі-рін–бі-рі
ұр-ға-лы
Ки-іп-ті қол-ғап
был-ға-ры.

*Жауаптары: биікке секіруші, боксшы.*



**Өр-ме-леп би-ік шың-ға,**
**Тү-се-тін-дер сын-ға.**



**Ны-са-на-ға қа-дап,**
**А-тып жа-тыр са-дақ.**

***Жауаптары:*** *жиһангер, садақшы.*

# Сыл-тау

Жа-рыс-қан-да ба-ла-лар,
Қо-сыл-ды о-ған Жар-қын да.
Жү-гі-ру-ге жа-ра-май,
Қа-лып қой-ды ар-тын-да.

Ма-зақ-тап ек «шө-же» деп,
Жы-лар-ман-ға шақ қал-ды.
— Үй-де і-шіп ем кө-же көп, —
Деп ө-кі-не ақ-тал-ды.



# Спорт-шы



Жат-ты-ғып күн са-йын,
Төрт ке-лі тер төк-кен.
Бі-ле-міз бұл жа-йын,
Спорт-шы — ер нет-кен?!

Жа-ты-сы, тұ-ры-сы,
Уа-қы-ты са-нау-лы.
Жоқ ар-тық жү-рі-сі,
Жан ел-ге қа-лау-лы.

Су-ды да і-ше-ді,
Е-сеп-пен әр кү-ні.
Жа-рыс-қа тү-се-ді
А-ты-нан хал-қы-ның.



Бә-се-ке жа-рыс-та
Же-ңіс-ке жет-ке-ні.
Жа-йы-лып а-лыс-қа,
Даңқ-ы а-сып кет-ке-ні.

Тұ-ғыр-да ол тұ-ра-ды,
Құт-тық-тап же-ңі-сін.
Ел-дің ә-нұ-ра-ны
Ой-на-лар ө-зі ү-шін.

Көп жә-не ел бі-лер
Мақ-та-ныш, ду-ы да.
Жо-ға-ры жел-бі-рер
Мем-ле-кет ту-ы да!



# Қақ-па-тас

Көп ой-нап ем,
Жүр е-сім-де,
Сен-дер-ге айт-сам о-рын-ды.
Бі-ле-сің бе,
Біл-мей-сің бе,
Бұл ұ-мыт қал-ған о-йын-ды?

Ба-ла кез-де ой-най-тын-быз
Ұлт-тық ой-нын қа-зақ-тың.
Қы-зы-ғы-на той-май-тын-быз,
«Қақ-па-тас-тың» ға-жап тым.



О-сы ой-ын-ға ше-бер-тін-мін,
Ұ-на-ту-шы ем о-ны шын.
Сай-дан те-ріп ке-ле-тін-мін
Бес мал-та тас сол ү-шін.

Қи-мыл-да-рын жон-глер-дің
И-ге-рем дей-тін ба-ла көп.
Сұ-ра ел-ден жөн бі-ле-тін,
«Қақ-па-тас» ой-ы-ны қа-лай?» деп,

Еп-ті, шап-шаң бо-лу ү-шін
Жат-тық-ты-ра-тын қо-лың-ды.
Үй-ре-ніп ал со-ның ү-шін
«Қақ-па-тас» де-ген о-йын-ды.



# Штан-га-шы

**Жүр көр-ші-нің ба-ла-сы**
**«Штан-га-шы бо-лам» деп.**
**Еш-кім жоқ—ау, ша-ма-сы,**
**Жат-ты-ға-тын о-дан көп.**

**О-ның күн-де шы-ны-ғып**
**Жүр-ген құ-рал—сай-ма-ны:**
**Рельс-тер-дің сы-ны-ғы,**
**Доң-ға-ла-ғы ар-ба-ның.**



А-та-сы-ның төс-ті-гін
«Бұл мен үшін же-ңіл!» деп,
Кө-те-ре-ді бәс ті-гіп,
Қа-та-ры-нан он рет.

«Бұл-шық ет-ті қа-ра!» деп,
Мы-тып–мы-тып кө-ре-ді.
«Те-мір-дей ме, қа-лай?!» деп,
Кеу-де-сін ол ке-ре-ді.

Мы-тып–мы-тып бай-қай-ды
Бар-лық ба-ла, көр-ші-лер.
Құр бас-та-рын шай-қай-ды,
І-сін кө-ріп ер-сі-леу.



**Өйт-ке-ні, ә-не, бі-ле-гі**
**А-на-сы-ның тал-са да,**
**Көмір та-сып жү-ре-ді**
**Қо-ра жақ-тан қан-ша-ма...**

**Өйт-ке-ні, ә-не, бі-ле-гі**
**Қа-рын-дас-тың ма-йы-сып,**
**Су-ды та-сып жү-ре-ді**
**Қос ше-лек-пен а-лы-сып...**



# Мақ-тан-шақ

О-йын ба-ла-сы үй-і-не ке-ліп:

— Біз жа-ры-сып ой-на-дық. Мен е-кін-ші кел-дім, — де-ді е-лі-ріп.

— Кім–кім жа-рыс-тың-дар?

— Біз Мұ-рат е-кеу-міз.



# Мыл-жын

Ә-ке-сі мен ал-ты–ж-еті жас-та-ғы ба-ла-сы са-я-бақ-та се-ру-ен-деп жүр. Ба-ла-ның ау-зы ты-ным тап-пай-ды, әр-нәр-се-ні сұ-рап, ә-ке-сін ме-зі е-тіп ке-ле-ді.

Бір кез-де ба-ла-сы ар-ман-дай бас-та-ды.

— Шір-кін, — де-ді ба-ла-сы, — е-гер мен жа-пон бо-лып ту-сам, кім бо-лар е-дім?!

— Кім бо-лар е-дің? — деп сұ-ра-ды ә-ке-сі.

— Ка-ра-тэ-ші бо-лар е-дім...

— Ал е-гер ис-пан бо-лып ту-сам, кім бо-лар е-дім?!

— Кім бо-лар е-дің?

— Ә-ри-не, то-ре-о-дор бо-лар е-дім...

— Ал е-гер Бра-зи-лия-да ту-ған-да, кім бо-лар е-дім?!

— Кім бо-лар е-дің?

— Тек қа-на фут-бол-шы бо-лар е-дім...

Ә-ке-сі-нің шы-да-мы тау-сыл-ған бо-лу-ы ке-рек, ол ұ-ғы-на:

— Ба-лам–ау, сен қа-зақ бо-лып ту-дың да, мыл-жың бо-лып ке-ле-сің! — де-ген е-кен.





# Нұр-лан-ның о-йы

**І-ні-сі ту-ған-да үш жас-та-ғы Нұр-лан қат-ты қу-ан-ды. Бө-пе-ні пер-зент-ха-на-дан үй-ле-рі-не а-лып кел-ге-ні сол е-ді, ол ә-ке-сі-нен:**

**— Бө-пе қа-шан үл-кен бо-ла-ды? — деп сұ-ра-ды қу-а-ны-шын қой-ны-на жа-сы-ра ал-май.**

**— Ә-лі–ақ үл-кен бо-ла-ды. Е-ке-уің бір-ге ой-нап жү-ре-тін күн а-лыс е-мес, — де-ді ә-ке-сі үл-кен ұ-лы-на.**

**— Ә-лі–ақ де-ген қа-шан?**

**— Ә-лі–ақ де-ген ә-лі–ақ, ба-лам, а-сық-па...**

**— Те-зі-рек үл-кей-се е-кен. Мен о-ны-мен кү-ре-сіп, жы-ға-мын, — де-ді Нұр-лан шы-нын ай-тып.**

**Се-бе-бі о-ны ө-зі-нен күш-ті ау-ла-да-ғы ба-ла-лар ыл-ғи а-лыс-са жы-ғып, тө-бе-лес-се жы-ла-тып қо-я-тын. Нұр-лан-ның о-лар-ға ә-лі жет-пей жүр. Ал мы-на бө-пе-сі-не ә-лі же-те-ті-ні-не се-нім-ді...**



# Ба-тыр қыз

— Ә-ке-сі, қы-зы-ңа а-қы-лың-ды не-ге айт-пай-сың? Ка-ра-тэ, та-эк-ван-до дей ме ... қыз ба-ла-ға ла-йық-ты е-мес спорт-тың тү-рі-мен ай-на-лы-сып жүр. Бөл-ме-сі-не кі-ріп а-лып, жат-ты-ға-ды да ж-ата-ды. Айт-қа-ны-ма көн-бей-ді.

— Ба-ла-ның бе-ті-нен қақ-па. Ол да — спорт-тың бір тү-рі. Үй-ре-не бер-сін, — де-ді кө-ке-сі.

Бір-де Ба-ян үй-дің ал-дын-да құр-бы-ла-ры-мен сөй-ле-сіп тұр-ған. Ке-нет кі-ре-бе-ріс-тен а-на-сы-ның жан дау-сы шық-ты. Ба-ян жү-гі-ріп кір-се, қа-рақ-шы а-на-сы-ның қо-лын-да-ғы сөм-ке-ге жар-ма-сып ұ-рып жа-тыр е-кен. Қыз кір-ген бет-те оқ-ша а-ты-лып, ті-лер-сек-тен те-уіп жі-бер-ді.



Жой-қын соқ-қы-ны күт-пе-ген қа-рақ-шы жер-ге құ-лап түс-ті. Жан-та-ла-сып ба-сын кө-те-ре бер-ген-де, е-сін жи-ғыз-бай құ-лақ-ше-ке-ден со-ғып жі-бер-ді. Қа-рақ-шы жер ба-уыр-лап сұ-лап жат-ты. О-сы кез-де жұ-мыс-тан ә-ке-сі кел-ді. Же-дел жәр-дем-ге де-реу қо-ңы-рау шал-ды. Ар-тын-ша по-ли-ци-я



қыз-мет-кер-ле-рі де кір-ді. Бол-ған жай-ды о-лар-ға Ба-ян ай-тып бер-ді. Жи-нал-ған-дар Ба-ян-ның ер-лі-гі-не ри-за бол-ды. Іш-кі іс-тер де-пар-та-мен-ті он бір жа-сар Ба-ян-ның ер жү-рек і-сін ба-ға-лап, ар-нау-лы сый-лық-пен ма-ра-пат-та-ды.

А-ра-да бі-раз уа-қыт өт-ті. Ба-ян-ның а-на-сы ау-ру-ха-на-дан а-йы-ғып шық-ты. От-ба-сы тү-ген-де-ліп, кө-ңіл-ді күн-дер ө-тіп жат-ты. Бір-де Ба-ян а-сы-ғып ки-і-ніп жат-қан. А-ңа-сы:

— Қай-да ба-ра-сың? — де-ді.

— Да-йын-дық-қа ба-ра-мын. Ер-тең ка-ра-тэ-ден қа-ла-лық са-йыс бо-ла-ды. Со-ған қа-ты-сып, ба-ғым-ды сы-нап кө-ре-мін.

— Ба-ра ғой, бо-там! Ал-ла тіл–көз-ден сақ-тай гөр! — де-ген а-на қы-зы-на ме-йі-рін тө-ге қа-ра-ды.



# Ком-пью-тер

Мек-теп о-қу-шы-ла-ры-ның көбі-нің үй-ін-де ком-пью-тер бар. Сы-нып-тыс-та-ры ком-пью-те-рін мақ-тап, Бай-қо-жа-ны қы-зық-ты-ра-тын.

Бай-қо-жа а-та-сы-на: «Ком-пью-тер ә-пер, ком-пью-тер ә-пер ...» деп ма-за-лап жүр-ді. Бір-де ә-же-сі а-та-сы-на:

— Мал са-тып, бі-ре-уін ә-пер ен-ді, — де-ді.

А-та-сы мал а-лу-шы-лар-ға ма-лын сат-ты. Ке-ле-сі кү-ні ес-кі «Жи-гу-ли-ін» о-тал-ды-рып, Бай-ғо-жа-ны қа-сы-на о-тыр-ғы-зып, тех-ни-ка са-та-тын дү-кен-нен ком-пью-тер а-лу ү-шін ор-та-лық-қа қа-рай шық-ты. Жол-да бо-за-рып, жү-деп кет-кен не-ме-ре-сін ерт-кен құр-да-сы Әл-кен-ге жо-лық-ты.



— Не-ме-рем-ді ем-ха-на-ға а-па-ра жа-тыр-мын. Ба-сы ай-на-лып, кө-зі-нің кө-ру-і на-шар-лап ба-ра-ды. Ком-пью-тер ә-пе-ріп нем бар е-ді. «Ал-дын-да көп о-тыр-ма, бір мез-гіл да-ла-ға шық, бо-йың-ды жаз» деп ай-ту-дай айт-тық. Мұн-дай ке-зі-міз-де доп ой-нап, түр-ник-ке а-сы-лып, спорт-пен шұ-ғыл-дан-дық е-мес пе?! Бү-лар әл-ден нә-зік, ау-ру-шаң. Спорт-қа, ең-бек-ке де-ген құл-шы-ныс жоқ. Өс-кен-де қай-тіп а-дам бо-ла-ды? — деп Әл-кен а-тай рен-жіп, аң-гі-ме-сін айт-ты.

Бай-қо-жа а-та-сы е-кеуі тех-ни-ка са-та-тын дү-кен-ге де ке-ліп жет-ті. А-та-сы дү-кен-нің ма-ңы-на «Жи-гу-ли-ін» қо-йып, іш-ке кір-ді. Ар-ты-на қа-ра-са, не-ме-ре-сі жоқ. Да-ла-ға шық-са, кө-лік-тің қа-сын-да тұр.

— Не-ғып тұр-сың? Жүр, іш-ке кір.

— А-та ком-пью-тер-дің қа-же-ті жоқ. Ал-май-мын. О-мар си-яқ-ты а-уы-рып қа-лар-мын, — деп Бай-қо-жа тө-мен қа-ра-ды.

— Ком-пью-тер-дің ал-дын-да көп о-тыр-ма, сон-да а-уыр-май-сың.

— Жоқ, ке-ре-гі жоқ. Ал-ма, а-та, ке-йін бол-ма-са.

— Қой, о-ның не? Ә-дей-і кел-ген соң, ал-ма-ға-ны-мыз жөн бол-мас.

— Ал-май-ақ қо-я-йық-шы, а-та, — деп Бал-қо-жа а-та-сы-на жа-лы-на қа-ра-ды.

— Он-да ө-зің біл.

А-та-сы кө-лі-гі-нің е-сі-гін а-шып, жай-ға-са бас-та-ды. Қа-сы-на не-ме-ре-сі ке-ліп о-тыр-ды.

Жол-да Бай-қо-жа:

— А-та, ме-ні ер-те о-ят-шы! Ер-тең-нен бас-тап гим-нас-ти-ка жа-сай-мын, спорт-пен ай-на-лы-са-мын. Ө-зің се-кіл-ді бок-сер бол-ғым ке-ле-ді, — де-ді.

— О-я-та-йын, қа-ра-ғым, тал-пы-нып көр.

А-та-сы бас-қа жа-уап қат-қан жоқ. «Жи-гу-ли-дің» і-шін-де е-ке-уі үн-сіз ке-ле-ді.



**«ӘЛІПБИ. Анаммен бірге оқып үйренемін»** – 5-7 жасар балаларға арналған кітаптар топтамасы. Топтама әріп және дыбыстармен таныстырып қана қоймай, буынға бөліп оқу дағдысын қалыптастырады. Ойлау қабілетін арттырады. Әрбір кітап қызғылықты және танымдық тақпақтардан, жаңылтпаш пен жұмбақтардан, өтірік өлеңдерден, әңгіме мен ертегілерден тұрады. Көркем безендірілген кітаптар өз оқырмандарына қуаныш әкеледі деген сенімдеміз.

**Авторлары**
Ескен Елубаев, Айса Хамзеұлы

**Суретшісі**
Бағдагүл Ералиева

**Бас редакторы**
Қарлығаш Байғабылова

**Көркемдеуші редакторы**
Елена Козлова

**Корректоры**
Ермахан Шайхыұлы

**«Аруна» баспасының дизайн орталығы**
Әсет Жұмаханов

**© «Аруна Ltd.» ЖШС**
**050042, Алматы қ., Сүлейменов к-сі, 13 «А»**
**Тел./факс: (727) 30-95-399, 30-95-547, 30-95-548, 30-95-549, 30-95-551. Ұялы тел.: 8 701 786 21 46.**
**E-mail: aruna_ltd@mail.ru**

www.aruna.kz сайтына кіріп, баспадан жарық көретін барлық өнімдермен, жаңа кітаптардың жарнамаларымен танысуларыңызға және ой-пікір бөлісіп, ұсыныстарыңызды жіберулеріңізге болады. Біздің кітаптарды интернет-дүкенге тапсырыс жасау арқылы да ала аласыздар.

«IntellService» баспаханасында басылған
Таралымы 10 000 дана

**ISBN 9965-26-363-9**

ISBN 9965-26-363-9